



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«31» 10 2025 жылғы №184

Астана қаласы

**«Zertte» республикалық педагогикалық
ғылыми-зерттеу журналының
үздік мұқабасы» республикалық
байқауының қорытындысы туралы**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Әдістемелік орталық) «Zertte» республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналының үздік мұқабасы» республикалық байқауының (бұдан әрі – Байқау) қазылар алқасы отырысының (22.10.2025 ж. №1 хаттама) шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Байқау жеңімпаздары дипломдармен марапатталсын (1-қосымша).
2. Байқауға қатысушыларға сертификаттар табысталсын (2-қосымша).
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әдістемелік орталық басшысының орынбасары Ж. Амиргалиевке жүктелсін.

Басшы

С. Дауешова

002316

**«Zertte» республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналының
үздік мұқабасы» республикалық байқауының
Қазылар алқасы отырысының
№1 хаттамасы**

Астана қ.

22 .10.2025ж.

Өткізу орны: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК

Қатысты: Қазылар алқасының құрамы

Қазылар алқасының құрамы

Қазылар алқасының төрағасы:

1. Амиргалиев Жангельды Куандыкович – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысының орынбасары.

Қазылар алқасының мүшелері:

2. Касенова Альбина Бакытбековна – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК бөлім басшысы, «Zertte» республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналының (бұдан әрі – «Zertte» журналы) бас редакторы;

3. Турсунбеков Алмаз Жомартұлы – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері, «Zertte» журналының техникалық редакторы;

4. Әзімбай Бибігүл Кәрімбердіқызы – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері, «Zertte» журналының жауапты хатшысы;

5. Сайлыбаева Айгуль Сағынгановна – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері, «Zertte» журналының редакциялық алқа мүшесі.

Қазылар алқасының хатшысы:

6. Сарсенова Айнура Мухтаровна – Астана қаласы әкімдігінің «Шейх Тәммим бен Хамад әл-Тәни» атындағы №85 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, «Zertte» журналының редакциялық алқа мүшесі.

Күн тәртібі

1. «Zertte» республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналының үздік мұқабасы» республикалық байқауының қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды анықтау.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Қазылар алқасының төрағасы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Орталық) басшысының орынбасары Амиргалиев Жангельды Куандыкович Орталықтың 2024 жылғы 15 қаңтардағы № 7 бұйрығымен бекітілген «Zertte» республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналының үздік мұқабасы» республикалық байқауының (бұдан әрі – Байқау) ережесінің талаптарын, мақсаты мен міндеттерін айтып өтті. Байқау білім алушылар мен педагогтердің білім саласындағы ғылыми зерттеулерге деген қызығушылығын арттыру, сонымен қатар «Zertte» республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналына (бұдан әрі – «Zertte» журналы) назар аудару мақсатында өткізілетініне тоқталды.

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері

Байқау талаптарына сәйкес мұқабалар журналдың бағыты мен мазмұнына сәйкестігі, өзіндік және шығармашылық тәсіл, көрнекі тартымдылығы және кәсіби деңгейде орындалуы, мұқабаға қойылатын техникалық талаптардың сақталуы

критерийлері бойынша бағалау қажеттігін түсіндірді. Байқауға ағымдағы жылы жіберілген 24 жұмыс қатысады. Қазылар алқасының мүшелері Байқауға қатысатын 24 иллюстрацияға іріктеу жұмысын жүргізіп, екінші кезеңге 23 жұмыс өтті. Екінші кезеңде жұмыстарды бағалауға арналған критерийлер бойынша бағалау жұмысы жүргізілді. (1-қосымша).

Қазылар алқасы бағалау жұмысының қорытындысы бойынша жеңімпаздарды анықтады:

I орын – Амантай Жанторе Абзалұлы, Әлихан Бөкейхан ат. Binom School мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы;

II орын – Чумажанов Адиль Сербекович, Астана қ. әкімдігінің «Дулат Бабатайұлы ат. № 89 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК бастауыш сынып мұғалімі;

III орын – Утепова Сауле Сакеновна, «ASTANA POLYTECHNIC» ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ» ШЖҚ МКК орыс тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы.


Шешім:

1. «Zertte» республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналының үздік мұқабасы» республикалық байқауының ережесіне сәйкес жеңімпаздар тиісті дипломдармен марапатталсын.

2. «Zertte» республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналының үздік мұқабасы» республикалық байқауына қатысқан жұмыстың авторларына қатысқаны үшін Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК сертификаты табысталсын.

Қазылар алқасының төрағасы:

1. Амиргалиев Жангельды Куандыкович




Қазылар алқасының мүшелері:

2. Касенова Альбина Бакытбековна

3. Әзімбай Бибігүл Кәрімбердіқызы

4. Турсунбеков Алмаз Жомартұлы

5. Сайлыбаева Айгуль Сагынгановна



Хатшы

А. Сарсенова